

## Хаттама №1

2021 жылдың 27 тамыз күні сағат 15:00 де А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде директоры жанындағы кеңес болды.

### Қатысушылар:

Мырзагалиев А.О. – мектеп директоры

Тоқаева Ж.Т. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Төлеш М.С. – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Толегенова Р.А. -10 сынып жетекшісі

Сугирбаева К.С. -11 сынып жетекшісі

### Күн тәртібі:

1.Білім алушылардың жеке мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдау

### Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мекетеп директоры А.О.Мырзагалиев сөз алды.

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің жалпы орта білім берудің оқу жұмыс жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 31-қосымшасымен, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен) бекітілген Білім алушылардың таңдау пәндерінің тереңдетілген және стандартты деңгейлерін анықтау керек.

### Сөйлеушілер:

1. **Ж.Т.Тоқаева** - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Біздің мектебімізде жоғары сынып білім алушылары тереңдетілген деңгей бойынша 10 сынып математикалық сауаттылық, химия және биология пәндерін таңдап отыр, 11 сынып физика, химия және биология пәндерін таңдап отыр. Ал стандартты деңгей бойынша 10 сынып «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 11 класс та «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндерін таңдап отыр. Осыған байланысты ата-аналармен сөйлескенде оқушылардың таңдау пәндеріне жоғарыда аталған пәндер оқытылса деген өтініш білдірді.

2. **Сугирбаева Қ.С.** -11 сынып жетекшісі.

Класс оқушылары өздерінің таңдау пәндеріне сәйкес жаратылыстану пәндерінің ішінен физика, химия және биология пәндерін таңдап отыр. Оқушылардың ата-аналарымен кездесу болды. Барлық ата-ана балаларының болашақта таңдап отырған мамандықтарына қарай физика, химия және биология пәндерінің тереңдетіліп оқытылуына ұсыныс айтып, өтініш білдірді.

### Қаулы:

1. А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің жалпы орта білім берудің оқу жоспарын басшылыққа ала отырып, тереңдетілген деңгей бойынша 10 сынып математикалық сауаттылық, химия және биология пәндері, 11 сынып физика, химия және биология пәндері тандалсын. Стандартты деңгей бойынша 10 сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 11 сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері тандалсын.

Жиналыс төрағасы

А.О.Мырзагалиев

Хатшы:

Б.Алтынбаева

